# Көсембай негізгі мектеп кітапханасының 2023-2024 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстары

2023-2024 оқу жылында «оқуға құштар мектеп» жоба бағдарламасы кітапхананың жылдық жұмыс жоспарына кіріктірілді. Кітапхана жоспары әдістемелік бірлестікте қаралып, мектеп әкімшілігімен бекітілді. Жоспарға атаулы күндер, «біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберіндегі ақын – жазушылардың, белгілі ел тұлғаларының даталы күндері кірістірілді.



Кітапхана қорына түскен әдеби кітаптармен таныстыру мақсатында видеоролик жасалып мектептің және мектеп кітапханасының инстасына салынды.



**«Кітапты жан азық деп қанып іш»** атты тәрбие танымдық –ойын сағаты өтілді.

**Мақсаты:** Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

Танымдық ойын сағаты:

1. «Кітап – оқу жабдығы, білім сандығы»
2. «Кім көп біледі?
3. «Кітапты мұқабасынан таны»
4. «Кітап - алтын қазына» атты кезеңдер арқылы оқу

дағдыларына көмектесетін ақпараттар мен ойындар ойнатылды.



Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай **«Алаш ардақтысы – Спандияр»** атты әдеби қойылымды сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** ұлы жазушы, қоғам қайраткерінің өмір жолы, ойлы еңбектері мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен танысу, тәрбиелік мәнісін ұғыну.

Ұстаздың өмірі мен еңбектерін таныстыра отырып әңгімелері мен өлеңдерін жатқа айтып, «Қасқыр мен мысық» мысалын көлеңке театрында сахналады.

**Тақырыбы: Бір отбасы –бір кітап**

**Мақсаты:** Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу,отбасының қатынасы және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.

**Түрі:**оқу марафоны, инставидеоролик.

  

**Тақырыбы: Алтайдың асқақ жыршысы.**

**Мақсаты**:жазушы Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру, туған жерге деген мақтаныш сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке, барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әдеби кітап оқуға тарту.

**Түрі:** әдеби –композициялық кеш.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберіндегі «Досболіке: достық қолын ұсын» акциясы және «Балалар кітапханасы» жоба аясында жазушының өздері Қайкен деп атап кеткен Қайыпжомарт Жұртбаев деген досына арнап жазған очеркінен үзінді әдеби –композиция қойылды.







**«Менің сүйікті кітабым»** республикалық челленджі аясында партизан жазушы Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесіне арналып 10 күндік іс шара жоспарланып өтілді.



Жазушының кітаптарына арналған тақырыптық көрме, өмірі мен шығармшылығына арналған портреттік кеш, партизан қозғалысы туралы танымдық сағаты, «Жау тылындағы бала» шығармасына арналған сурет салу, эссе жазу, буктрейлер байқауы, кітап мазмұнына байланысты интелектуалды ойын, әдеби аукцион және «Жау тылындағы бала» шығармасынан «Ер жүрек партизандар қойылымын қойдық. Шараға 6-7-

8 сынып оқушылары қамтылды. Іс –шара барысында белсенділік танытқан оқушылар марапатталды.





























Сәуір айының 01.04-30.04.2024 ж. аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ***«Қазақтың қанышы», «Қазына көтерген бала»*** т.б. ғалым туралы жазылған шығармалармен танысу мақсатында іс –шаралар өтілді.

**Мақсаты:** алғашқы академик, көрнекті ғалым ,қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев жайлы мағлұмат беру. Көркем әдебиетке деген қызығушылығын артыру. Кітаптарды насихаттау және оқырмандарды кітап оқуға тарту.

«Қазақтың жарық жұлдызы» сынып сағаттары. «Қаныш Сәтбаев – алғашқы академик» танымдық сағаты. «Қылқаламдағы Қаныш» суреттер байқауы. «Қазақтың Қанышы» бір кітаптың беташары. «Қаныш Сәтбаев –қазақ ғылымының атасы» кітапханалық квилт жұмыстары өтіліп, оқушылар алғашқы геологтың өмірі мен баға жетпес еңбегін, Қаныштың асыл қасиеттері мен жан – жақты жұмыс түрлері арқылы танысты



Нравится: 1
kosembai2024 Аса көрнекті ғалым, академик, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай "Қаныш Сәтбаев - алғашқы академик" тақырыбында атты бейнефильм көру сағаты өтілді. Мақсаты: алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы мен еңбектерін таныстыру. "Қазақтың Қанышы" атты Қазақстан телеарнасынан ұсынылған деректі фильм арқылы алғашқы геологтың өмірі мен еңбектеріне шолу жасалды. Wordwal платформасы мен көрген білгендерін түйіндеу мақсатында сұраққа жауап берді.
Ұйымдастырушы: Қалиева Б.С
@medetbekovameruert
@oqu_agartu_ministrligi
@gani.bisembaev#@ aktobe_bilim_ministrligi
#біртұтас_тәрбие_ақтөбеоблысы
#оқуғақұштармектепжобасы
#оқуғақұштармектеп#қанышсәтбаев 125 жыл
@oiyl_bilim_bolimi

Добавьте комментарий...





«Қаныш Сәтбаев – қазақ ғылымының атасы» Кітапханалық квилт.











«Қазақтың Қанышы» Бір кітаптың беташары.

2023-2024 –оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:












**«Республикалық балалар оқулары»** байқауына 8-9 сынып оқушылары қатысып аудандық кезеңінен М.Сейіткерей II –орын, Э.Бөкенбай II –орын, А.Серікбай I –орын алып облысқа жолдама алды. Облыстық кезеннең «Білімді оқырман» номинациясымен марапатталды.









«Білім шыңы» сайтының «Каникулда кітап оқимыз» байқауына 6,7,8 сынып оқушылары қатысып үш оқушы жүлделі орындарды, екі оқушы Алғыс хатпен және ата –анаға, жетекшіге Алғыс хатпен марапатталдық.

**2023-2024 оқу жылындағы жетістіктерім:**

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы атынан **Алғыс хат**

Облыстық білім басқармасынан Ақтөбе облысының білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін **Алғыс хат.**

Ақтөбе облысының білім басқармасынан Мектеп кітапханасын дамыту мен **«Оқуға құштар мектеп»** жобасын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін **Алғыс хат.**

Ақтөбе ғылыми -тәжірибелік орталығының **«Оқуға құштар мектеп»** жобасының міндеттерін жүзеге асыру аясында «**Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында білім алушылардың сапалы оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары» тақырыбындағы облыстық семинар -практикум жұмысына белсене қатысып, оңтайлы іс -тәжіриебемен бөліскенім үшін **Алғыс хат.**

**Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жалпы білім беретін мектептердің және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының театр үйірмесінің жетекшілеріне арналған «Театр - өмір айнасы»** тақырыбындағы облыстық шебер - класқа қатысқаны үшін Сертификат.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталықтың **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Балалар және театр»** жобасын жүзеге асыру бойынша облыстық онлайн - семинар практикумға **«Қазақстан және әлем театрлары туралы мәлімет беру және театрдағы өзін –өзі ұстау мәдениеті** тақырыбында тәжірибеммен бөлістім.


АЛҒЫС ХАТ


БАҒДАРЛАМАСЫ



**Мектеп кітапханашысы: Қалиева Б. С**